

03.09.19 ж.

Сар дала сағынар әлі Сабыржанын



Сабыржан Шүкірұлы мерейтойына арналған кітап көрмесі

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханамыздың абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен, жазушы Сабыржан Шүкірұлының туғанына 80 жыл толуына орай көрме қойылып, шолу жасалынды.

Көрменің мақсаты - оқырманды кітап оқуға шақыру, жазушының шығармашылығымен қалын оқырманды таныстыру.

Тумысынан табиғаты таза шығармашылық өкілі 1939 жылы 12 тамызда Қостанай облысы, Әулікөл ауданы, Достияр мекенінде дүниеге келген. 1959-1961 жылдары Оңтүстік Торғай кен зерттеу және барлау экспедициясындағы топографиялық отрядта құрылысшы, Жангелдин аудандық байланыс торабында телефон монтері, аудандық қамсыздандыру бөлімінде инспектор, 1961-1965 жылдары аудандық «Социалистік ауыл», кейін «Жаңа өмір» – «Новая жизнь» газеттерінде әдеби қызметкер, аудармашы, бөлім меңгерушісі, 1965 жылы Жангелдин аудандық комсомол

комитетінің бірінші хатшысы болды.

Сабыржан Шүкірұлы – Қазақстан жазушылар және Журналистер одағының мүшесі. Табанды еңбегі мен қарымды шығармашылық қызметі үшін 1968 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен, 1970 жылы В.И.Лениннің 100 жылдығына арналған мерекелік медальмен марапатталып, 1989 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері» атағын алған. Ол – 1993 жылғы Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.

Жазушының қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше. Оның қаламынан туған романдары мен повестері – әдебиетіміздің алтын қорына енген шығармалар. Бүгінгі көрмеге жазушының үздік еңбектері қойылды. Шығармашылық иесінің қаламынан туған «Тамаша өмір», «Шақшақ Жәнібек» атты деректі әңгімелері, «Нақпа-нақ» атты ой түйіндері, «Мемлекеттік тіл мұраттары», «Рухани өріс кернеуі» әдеби сын-зерттеуі мен

«О заманда бұ заман» атты публицистикалық кітаптары оқырман қауымнан жоғары бағасын алған. Сабыржан Шүкірұлы үнемі ізденіс үстінде жүретін білімдар азамат ғылым – ілімін зерттеп те, шәкірт тәрбиелеп , ой жиып жүріп жеткендігі бәріне тәнті.

Ұлтжанды қаламгердің ой түйіндері мерзімді баспасөз беттерінде жиі жарық көріп, ұрпақтың дамуына, ұлағатты азаматтардың қалыптасып, отансүйгіштік қасиеттердің өрістеуіне игі әсер етті.

Көрмеге Арқалық педагогикалық институтының 1 курс студенттері қатынасты – 15 адам

